

«Жас зияткерлер-2016»

6-8-сыныптар

Жоспары:

- 1.Топ мүшелерін іріктеу. Таныстыру. Топтың өзін таныстыруы, амандасу рәсімі;
2. Логикалық сұрақтар;
3. Полиглот
4. Кім жылдам?
- 5.Сергіту сәті. «Ойлан тап».
6. «Артық сөзді тап»
- 7.»Математикалық терминдер»
8. «Кім тапқыр?» жанкүйерлер сайысы.
9. «Топ басшылар сайысы»

1. Топ мүшелерін іріктеу сұрақтары:

Өрнектің мәнін тап:

$$\frac{1}{5}\sqrt{225} - \frac{1}{2}\sqrt{6400} =$$

$$ax^2 + bx + c = 0$$

теңдеуі қалай аталады?

$$y = x^2$$

функциясының графигі қалай аталады?

35-тің квадраты неше?

Шеңбердің центрі арқылы өтетін хорда?

Қандай сандар иррационал сандар деп аталады?

Шаршының ауданы неге тең?

Дәлелдеуді қажет етпейтін математикалық сөйлем.

2. Логикалық сұрақтар.

Әр дұрыс жауабына – 1 ұпай.

4 пен 5-тің арасына қандай таңба қойылғанда
4-тен артық бірақ 5-тен кем сан шығады?

Бөлмеде 2 ит, 3 құс, 1 шыбын бар. Осы
жануарлардың бәрінің аяқтарын қосып есептегенде
қанша болады?

- Анасы 16 мандарин сатып алды. Жартысын Думан
жеді, Айша екі мандарин жеңді, Қалғанының
жартысын Дина жеңді. Қанша мандарин қалды?

3. Полиглот

Доп емес, дөңгелек емес,
Ұқсас бірақ достарым.
Фигура ол ең негізі
Дәл жауапты қостадым.



Жоқ өзінде бас та, қас та, мойын да,
Ұзындығы жазулы тұр бойында.



Алды-артымыз шексіз де
Жете алмайсың біздерге.
Сәулеменен кесілді
Шықан тегін білсе де.



Көк құтанша ақ айдында,
Бір аяқпен тұрады.
Тұмсығымен ол мұнда,
Шыр айналып шығады.



Нәрселерді санағанда,
Керек ол бізге ауадай.
Айтыңдаршы бұл қандай сан
Жан-жағыңа қарамай?



Атадан он баламыз

Бір-бір жастан арамыз.

Қосылып кейде басымыз

Азайып кейде қаламыз.

Бөлініп кейде арамыз

Көбейіп те аламыз.



Бірдей санды бірнеше рет

Көбейтуден тұрады.

Егер оны ықшамдасаң

Қандай атау болады?



4. «Кім жылдам?»»

Екі қабырғасы тең болатын үшбұрыш (тең бүйірлі)

Жазықтықта қиылыспайтын екі түзу (параллель)

Қарама-қарсы қабырғалары параллель болатын төртбұрыш
(параллелограмм)

Геометрияның жазықтықтағы фигураларды зерттейтін бөлімі
(планиметрия)

π -дің мәні неге тең? (3,14)

Шеңбердің екі нүктесін қосатын кесінде (хорда)

Үшбұрыштың орта сызығы 12 см, табаны неге тең? (24 см)

12

(процент)

-қа тең бұрыш? (жазыңқы)

? (180)

9-ға кері сан? $1/9$

7 құрама санба, жай сан ба? (жай сан)

Миллионда неше ноль бар? (6)

Ең кіші жай сан? (2)

5. Сергіту сәті.
«Ойлан, тап».

6. «Артық сөзді тап»

А) зүту
усәле
дісінке
деутең

В) ратквад
бершен
пециятра
бомр


С) тепмек
ретеорма
масиоак
дарсал

7. «Математикалық терминдер»

әр дұрыс жауап 1 ұпаймен есептеледі
1-минут.

8. «Кім тапқыр?»

Әр дұрыс жауап 3-ұпаймен бағаланады.



Үш қатардағы сандар қандай да бір заңдылық бойынша орналасқан. Сұрақ белгілерінің орнындағы сандарды табындар.

I 5, 10, 50, 500

II 3, 6, 18, 108

III 4, 8, 32, 256

IV 1, ?, ?, ?

8. “Лидерлер” сайысы